



"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 562 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріп отырған "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамын дамыту жоспарының орындалу барысы туралы ақпаратты мына мерзімде:

1) бірінші тоқсанның, бірінші жарты жылдықтың және тоғыз ай ішіндегі қорытындылары бойынша - есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың бірінші күнінен кешіктірмей;

2) жылдық - есепті кезеңнен кейінгі төртінші айдың бірінші күнінен кешіктірмей ұсынысын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2006

жылғы

20

маусымдағы

N

562

қаулысымен

бекітілген

**"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы
"KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company)
акционерлік қоғамын дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған
жоспары Мазмұны**

1. "KEGOC" АҚ-ны дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама
 - 1.1. К і р і с п е
 - 1.2. Н а р ы қ т ы т а л д а у
 - 1.3. Қоғамның 2003 - 2005 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау
 - 1.4. Қоғам жүргізетін іс-шаралар
 - 1.5. Қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспары
 - 1.5.1. Мақсаттары мен міндеттері
 - 1.5.2. Алға қойылған міндеттерге жету жолдары
 - 1.5.3. Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөнінде Қоғам жоспарлап отырған іс-шаралар
 - 1.5.4. Өнім өндірісін дамыту серпіні
 - 1.5.4.1. Қызметтер көлемі
 - 1.5.4.2. К і р і с т е р
 - 1.5.4.3. Ш ы ғ ы с т а р
 - 1.5.4.4. Өзіндік құнның құрылымы
 - 1.5.4.5. И н в е с т и ц и я л а р
 - 1.5.4.6. Еңбек және қоршаған ортаны қорғау
 - 1.5.4.7. Т а р и ф т і к с а я с а т
 - 1.5.4.8. Әлеуметтік саланы дамыту
 - 1.5.4.9. К а д р с а я с а т ы
 - 1.5.4.10. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қатынастар
 - 1.5.4.11. Қызмет көрсетуші банктермен өзара қарым-қатынастар
2. Қоғамның инвестициялық бағдарламасы
 - 2.1. Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау
 - 2.2. Инвестициялық басымдылықтар мен бағыттар
 - 2.3. И н в е с т и ц и я л ы қ ж о с п а р
 - 2.3.1. ҰЭЖ жаңғырту жобасы
 - 2.3.2. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" ж о б а с ы
 - 2.3.3. Б а с қ а д а и н в е с т и ц и я л а р
3. Қоғамды дамытудың маңызды көрсеткіштерінің болжамы (1, 2, 3, 4, 5, 6-нысандар)

1. "KEGOC" АҚ-ны дамытудың жай-күйі мен перспективалары туралы баяндама

1.1. Кіріспе

"Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамы "Қазақстан Республикасының энергетика жүйесін басқаруды құрылымдық қайта құру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 қыркүйектегі N 1188 қаулысына сәйкес құрылды.

"KEGOC" ААҚ Астана қаласының Әділет басқармасында 1999 жылғы 26 мамырда тіркелді, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу нөмірі - 6801-1901-АҚ (бастапқы мемлекеттік тіркелген күні 1997.11.07).

"Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы Заңына сәйкес "KEGOC" ААҚ Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 24 қазанда "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы "KEGOC" (Kazakhstan Electricity Grid Operating Company) акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) ретінде қайта тіркелді. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелу нөмірі - 6801-1901-АҚ.

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 473000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бөгенбай батыр даңғылы, 7.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қоғамның құрылтайшысы болып табылады. Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеті 100 %-ды құрайды.

Қоғамның миссиясы - Қазақстан Республикасының Біртұтас энергетикалық жүйесінің тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету және Ұлттық электр желісінің мемлекеттік саясат шеңберінде осы заманғы техникалық, экономикалық, экологиялық талаптарға сәйкес келетіндей сенімді басқарылуын жүзеге асыру.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсету;

2) электр энергиясының торапқа босатылуы мен тұтынылуын техникалық диспетчерлендіру жөнінде қызмет көрсету;

3) электр қуатын реттеу жөнінде қызметтер көрсету.

Қазақстан Республикасының " Табиғи монополиялар туралы " 1998 жылғы 9 шілдедегі және " Бәсеке және монополиялық қызметті шектеу туралы " 2001 жылғы 19 қаңтардағы заңдарына сәйкес Қоғам өңіраралық деңгейдегі тораптар бойынша электр энергиясын беру және электр энергиясының торапқа босатылуы мен тұтынылуын техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерді көрсетуші ретінде табиғи

монополия субъектілерінің мемлекеттік тіркеліміне, сондай-ақ электр қуатын реттеу жөніндегі қызметтерді көрсетуші ретінде белгілі бір тауар нарығында басым (монополиялық) жағдайға ие Нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

Өзінің қызметі шеңберінде және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Қоғам Заңның 10-бабымен белгіленген жүйелік оператордың функцияларын орындайды, о н ы ң і ш і н д е :

электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша беру жөнінде жүйелік қызметтер көрсету, оған техникалық қызмет көрсету мен оны пайдалануға дайын күйінде ұстап т ұ р у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімдерін жасау мен тәуліктік кестесін қалыптастыруды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінің жұмыс режимдерін орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыра отырып, техникалық диспетчерлендіру жөнінде жүйелік қызметтер көрсету, сондай-ақ шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс режимдерін басқару мен олардың тұрақтылығын қамтамасыз ету жөнінде өзара і с - қ и м ы л ж а с а у д ы қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесі жұмысының с е н і м д і л і г і н қ а м т а м а с ы з е т у ;

электр қуатын реттеу жөнінде жүйелік қызметтер көрсету; ұлттық электр желісіне электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектілерінің қол жеткізуі үшін тең жағдайларды қамтамасыз ету.

Қоғам ТМД елдері Электр энергетикалық кеңесінің және энергетика саласында мемлекеттердің қызметін үйлестіретін Орталық Азия елдері кеңесінің мүшесі болып т а б ы л а д ы .

Қоғам оқшауландырылған мүлікке ие, дербес теңгерімі, филиалдардың аралық теңгерімдері, ұлттық және шетел валютасында банк шоттары, мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы жазылған дөңгелек мөрі, фирмалық бланкілері, мөртаңбалары мен басқа деректемелері бар. Қоғам өз атынан шарттар жасасады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алады және жүзеге асырады, сотта т а л а п к е р , ж а у а п к е р б о л а а л а д ы .

2005 жылғы 01 қаңтардағы жағдай бойынша Қоғамның теңгерімінде мыналар бар: жалпы ұзындығы (тізбектер бойынша) 23 512,9 км кернеуі 35-1150 кВ электр беру ж е л і с і , о л а р д ы ң :

1 1 5 0	к В	-	1	4 2 2 , 9	к м ;
5 0 0	к В	-	5	4 6 8 , 3	к м ;
2 2 0	к В	-	1 5	9 8 0 , 2	к м ;
1 1 0	к В	-	5	9 8 , 6	к м ;
3 5	к В	-	4	2 , 9	к м .

Жетпіс екі трансформаторлық шағын станциялар, оның ішінде мынадай кернеулер с ы н ы п т а р ы б о й ы н ш а :

1150 кВ ШС - 3 бірлік, қуаты 9 384,1 МВА;
500 кВ ШС - 15 бірлік, қуаты 11 995 МВА;
220 кВ ШС - 51 бірлік, қуаты 10 854,15 МВА;
110 кВ ШС - 1 бірлік, қуаты 2,5 МВА;
35 кВ ШС - 2 бірлік, қуаты 23,2 МВА.

сондай-ақ ғимараттар, құрылыстар, арнаулы техника, диспетчерлік-технологиялық басқару құралдары және басқа да негізгі құралдар.

Қ о ғ а м н ы ң о р г а н д а р ы :

- 1) жоғары органы - акционерлердің жалпы жиналысы;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы - Басқарма;
- 4) бақылаушы органы - тексеру комиссиясы болып табылады.

Қоғам органдары өкілеттіктерінің саласы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғамның нормативтік-басқару құ ж а т т а р ы м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Қоғамның құрамына: Жүйелік оператордың Ұлттық диспетчерлік орталығы, жүйеаралық электр тораптарының 9 филиалы (бұдан әрі - ЖЭТ): аумақтық белгісі бойынша құрылған Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Шығыс, Батыс, Сарыбай, Солтүстік, Орталық, Шымкент және Атқарушы дирекция кіреді. Уәкілетті орган бекіткен Қоғам қызметкерлерінің нормативтік саны 4265 адамды құрайды. Қызметкерлердің нормативтік саны Қазақстан Республикасында қолданыстағы нормативтік-басқару кесімдерінің талаптарына сәйкес Қоғамның электр желілік объектілерінің авариясыз, жедел техникалық қызмет көрсету мен жөндеу жөніндегі жұмыстар кешеніне сүйене о т ы р ы п а й қ ы н д а л д ы .

Қоғамның филиалдары Қоғамның оқшауландырылған құрылымдық бөлімшелері болып табылады және оның функцияларының бір бөлігін, оның ішінде өкілдіктің функцияларын жүзеге асырады. Филиалдар заңды тұлғалар болып табылмайды, ағымдағы шоттары бар, оларды Атқарушы дирекция қаржыландырады және өзінің өндірістік қызметін Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен филиал туралы тиісті ереже негізінде жүзеге асырады. Қоғамның барлық филиалдары әділет органдарында есептік тіркеуінен өткен.

"KEGOC" АҚ-ның өндірістік құрылымы

	Атқарушы дирекция	Өкілдік
		Ф и л и а л д а р

Жүйелік	Орталық	Ақтөбе	Сарыбай	
операторды	жүйеаралық	жүйеаралық	жүйеаралық	
орталық	электр торабы	электр торабы	электр торабы	
диспетчерлік				
<u>орталығы</u>				
	Солтүстік	Алматы	Ақмола	
	жүйеаралық	жүйеаралық	жүйеаралық	
	электр торабы	электр торабы	электр торабы	
	Шымкент	Шығыс	Батыс	
	жүйеаралық	жүйеаралық	жүйеаралық	
	электр торабы	электр торабы	электр торабы	
		"KEGOC-сервис"	"Энергоинформ"	
		<u>мекемесі</u>	<u>мекемесі</u>	

Қазіргі уақытта Қоғам Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің базасында құрылған екі мекеменің - "KEGOC-Сервис" пен "Энергоақпараттың" құрылтайшысы болып табылады. Мекемелердің негізгі қызметі Қоғамның тиімді жұмысын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды орындау болып табылады.

Мекемелер қызметінің шеңберінде мынадай функцияларды орындайды:

"Энергоақпарат" мекемесі:

телекоммуникация құралдарын, ақпараттық жүйелерді пайдалану мен жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

жүйелік, технологиялық және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуді құру, енгізу және пайдалану;

жедел ақпараттық - кешендерді енгізу жаңғырту және пайдалану;

Қоғамды жергілікті жүйелік телефон байланысымен қамтамасыз ету; ішкі өндірістік және технологиялық мақсаттағы желілерді құру және пайдалану;

жедел - диспетчерлік байланыстың, релелік қорғау мен аварияға қарсы автоматиканың мұқтаждары үшін кернеудің барлық сыныбындағы электр беру

желілері бойынша байланыстың жоғары жиілікті арналарының жиілігін тағайындау.

"КЕГОС - Сервис" мекемесі:

жедел басқаруға алынған Қоғам мүлкін пайдалану мен жөндеу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

Қоғамның Атқарушы дирекциясының қызметін ақпараттық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз ету.

Қоғам мекемелерді ай сайын бекітілген сметалар негізінде қаржыландыруды жүзеге асырады. Бұдан басқа, Қоғам мекемелердің жылдық қаржы есептемесін бекітеді, орындалуы міндетті нормативтік, қаржылық, бухгалтерлік, техникалық және ұйымдық-басқару құжаттамасын әзірлейді, мекемелердің қызметіне тікелей бақылауды жүзеге асырады.

Қызметтің негізгі бағыттарына сәйкес және басқарудың барынша тиімділігіне жету мақсатында Қоғам Басшылықтан, 8 департаменттен, 5 басқармадан, Орталық бухгалтериядан, Кеңседен, Ақпараттық-талдау бөлімінен, Қауіпсіздік қызметінен тұратын Атқарушы дирекцияның құрылымын таңдап алды.

"КЕГОС" АҚ Атқарушы дирекциясының ұйымдық құрылымының Кестесін қағаз мәтінінен қараңыз

Таңдап алынған басқару құрылымының тиімділігі мен дұрыстығы 2001-2004 жылдардағы кезеңде Қоғамның шығынсыз қызметін қамтамасыз етті. "Standard & Poor's" халықаралық кредиттік рейтинг агенттігі 2002 жылғы 4 қарашада Қоғамға тиісті елдің рейтингісіне "BB", "Позитив" болжамынан бастап "BB қосу", "Тұрақты" болжамына дейінгі кредиттік рейтингті ұлғайту жағын қайта қарады. "Standard & Poor's" халықаралық кредиттік рейтинг агенттігі 2005 жылғы 10 наурызда "КЕГОС" АҚ-ның "BB қосу", "Тұрақты" болжамы кредиттік рейтингісін растады.

Сондай-ақ "Moody's Investors Service" халықаралық кредиттік рейтинг агенттігі 2004 жылы 6 желтоқсанда Қоғамға "Baа3" кредит рейтингісін, "Позитив" болжамын, сондай-ақ тиісті елдің рейтингісін берді. 2005 жылғы 13 шілдеде көрсетілген рейтинг агенттігі "КЕГОС" АҚ-ға "Baа1" деңгейінде ұлттық валютадағы міндеттемелер жөніндегі рейтингісін берді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2004 жылғы 10 қарашадағы N 143 қаулысымен Қоғамға вексельдердің бірінші сыныптық эмитенттер мәртебесі бір жыл мерзімге ұзартылды.

1.2. Нарықты талдау

Электр энергетикасы саласы Республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының индикаторы болып табылады, өйткені электр энергиясын тұтынудың өсуі немесе кемуі

және тиісінше оны өндіру еліміздің экономикасын дамытудың жалпы қарқынын сипаттайды, ал электр энергиясының құны энергияны көп қажет ететін кәсіпорындар үшін өндірілген өнімнің өзіндік құны құрылымындағы шығындардың айқындаушы баптары болып табылады.

Электр энергиясын өндіру 2004 жылы Қазақстан бойынша тұтас алғанда, 66 645,4 млн. кВт.сағатты құрады, оның ішінде:

- жылу электр станциялары 56 325,9 млн. кВт.сағат,
- гидростанциялар 8 031,2 млн. кВт.сағат,
- газ турбиналы электр станциялары 2 288,3 млн. кВт.сағат.

2003 жылмен салыстырғанда электр энергиясын өндіру 2 992,4 млн. кВт.сағатқа немесе 4,7 %-ға ұлғайды.

Электр энергиясын өндіру. Қазақстанның Солтүстік аймағы бойынша негізінен ірі электр станциялардың тым көп қарқынды жүктемесінің есебінен 3 305 7 млн.кВт.сағатқа (6.6 %-ға) ұлғайды, олар мыналар:

- "ЕЭК" АҚ + 440,0 млн.кВт сағат немесе 4,3%,
- "AES Екібастұз" ЖШС + 1 008,7 млн.кВт сағат немесе 15,8%,
- "Екібастұз МАЭС-2 станциясы" АҚ + 468,4 млн.кВт сағат немесе 9,0%,
- "Қазақмыс" корпорациясы МАЭС + 417,7 млн.кВт сағат немесе 13,0%.

Қазақстан бойынша электр энергиясын өндіру құрылымы 2003 жылмен салыстырғанда біршама өзгерді және мыналарды құрады:

	2003 жыл	2004 жыл
Барлығы	100,0	100,0
оның ішінде, АЭТ	82,8	84,5
МЭТ	13,5	12,1
МАЭТ	3,7	3,4

Электр энергиясын тұтыну 2004 жылы Қазақстан бойынша 2003 жылмен салыстырғанда 2 825,2 млн.кВт-сағатқа немесе 4,6 %-ға ұлғайды және 64 807,2 млн.кВт-сағатты құрады. Тұтынудың өсуі негізінен Қазақстанның өнеркәсібінде болды.

Сонымен, 2003 жылмен салыстырғанда электр энергиясын тұтынуды: Қазақмыс корпорациясы ЖШС (БЦМ) - 105,1 млн.кВт сағатқа немесе 12%-ға; Ақсу ферроқорытпа зауыты - 263,8 млн.кВт сағатқа немесе 5,4%-ға; Соколов-Сарыбай КӨБ - 93,2 млн.кВт сағатқа немесе 4,2%-ға; "ЖЖФЗ" АҚ - 409,9 млн.кВт сағатқа немесе 36%-ға; "Өскемен титан-магний комбинаты" АҚ ("ӨТМК" АҚ) - 93,4 млн.кВт-сағатқа немесе 16,7 %-ға ұлғайтты.

2004 жылы тұтынудың артуы Көкшетауды (2,3 %-ға кему) қоспағанда, Қазақстанның барлық энергия тораптарында болғанын атап өткен жөн. Тұтынудың ең жоғары өсуі - Батыс Қазақстан облысында - 19,6 %-ға (168,3 млн.кВтс), Жамбыл облысында - 10,3 %-ға (279,1 млн.кВтс), Оңтүстік Қазақстан облысында - 9,6 %-ға (214,6 млн.кВтс), Алматы энергия торабы бойынша - 8,5%-ға (446,3 млн.кВтс).

Қазақстанның аймақтары бойынша электр энергиясын тұтыну алдыңғы жылмен салыстырғанда біршама өзгерді және мыналарды құрады:

- Солтүстік аймағы бойынша 43 269,9 млн.кВт сағат немесе 66,8 %;
- Оңтүстік аймағы бойынша 12 542,6 млн.кВт сағат немесе 19,3 %;
- Батыс аймағы бойынша 8 994,7 млн.кВт сағат немесе 13,9 %.

2004 жылы Қазақстанның БЭЖ-і 2003 жылдағы сияқты артық энергия жүйесі болып қалды. Жылдың қорытындылары бойынша электр энергиясын өндіру оны тұтынуды 1 838,2 млн.кВт-сағатқа ұлғайтты.

Ресеймен электр энергиясының сальдоланған ағындары Қазақстан бойынша тұтас алғанда, 3 093,9 млн.кВт-сағатты құрады, бұл ретте Батыс Қазақстан Ресейден 2 225,5 млн.кВт-сағат қабылдады, ал Солтүстік Ресейге 5319,4 млн.кВт сағат берді.

2003 жылмен салыстырғанда Ресейге электр энергиясының сальдоланған ағындары 767,6 млн.кВт сағатқа немесе 33,0 %-ға артты.

Орталық Азия мемлекеттерінен электр энергиясының ағындары 600,4 млн.кВт сағатқа немесе 91,6 %-ға ұлғайды және 1 255,7 млн.кВт сағатты (Қырғыз Республикасынан) құрады.

2004 жылы Қазақстанның тораптары арқылы транзитпен Қырғызстаннан Ресейге электр энергиясын берудің жүзеге асырылғанын атап өткен жөн. Барлығы транзитпен 1 800,1 млн.кВт сағат берілді.

Қоғамның желілері арқылы жылына бір млрд. астам кВт.сағат берілетін Қоғам қызметінің ең ірі тұтынушылары: "Қазақмыс корпорациясы" ААҚ, "ССТКӨБ" ААҚ, "Қазақстан Темір жолы ҰК" АҚ, "Қазфосфат" ЖШС, "Қазмырыш" ААҚ болып табылады.

1.3. Қоғамның 2003 - 2005 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау

2003 жылы электр энергиясын Қоғамның желілері бойынша беру көлемі 26,9 млрд. кВт.сағатты құрады, бұл 2002 жылғы көрсеткіштен 13 %-ға жоғары. Беру көлемінің өсуі негізінен Ресейге "Екібастұз МАЭС-2" станциясынан электр энергиясының экспорттық жеткізілімінің ұлғаюына, сондай-ақ Қазақстан аумағы арқылы Ресей Федерациясына Тәжікстан мен Қырғызстанның электр энергиясының транзитіне байланысты болып отыр.

2004 жылы Қоғам 32,8 млрд. кВт.сағат көлемінде (2003 жылмен салыстырғанда 22,0%-ға ұлғайды) электр энергиясын беру жөнінде қызметтер көрсетті. Беру көлемін

айтарлықтай ұлғайтудың негізгі себебі Қоғамның "Қырғызстан - Қазақстан - Қырғызстан" желісі арқылы электр энергиясының транзитіне арнап шарт жасасуы негіз болды.

2005 жылы Қоғамның желілері бойынша электр энергиясын беру көлемі 31,4 млрд.кВт.сағат мөлшерінде бағаланады, бұл 2004 жылғы көрсеткіштен 4,2 %-ға төмен және ол негізінен Екібастұз МАЭС-2-ден берілетін электр энергиясының экспорттық жеткізілімдері көлемінің кемуіне байланысты.

2003 жылы техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 58,6 млрд. кВт.сағатты құрады, немесе 2002 жылғыдан 18,4 %-ға жоғары. Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемінің ұлғаюы электр энергиясының экспорттық жеткізілімдері мен Ресей Федерациясына Тәжікстан мен Қырғызстаннан берілетін электр энергиясының транзитін диспетчерлендіру қоса алғанда, электр энергиясын өндіру көлемінің артуына байланысты болды.

Техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 2004 жылы 64,3 млрд.кВт.сағатты құрады. 2005 жылы техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі біршама артады деп күтілуде, ол 64,6 млрд. теңгені құрайды.

2003 жылы Қоғамның негізгі қызметінен алынған кірістері 15742,2 млн.теңгені (2002 жылғы деңгейден 24,9 %-ға артық) құрады, оның ішінде:

электр энергиясын беру - 11919,4 млн. теңге (14,7 %-ға);

техникалық диспетчерлендіру - 2711,6 млн. теңге (88,9 %-ға);

қуатты реттеу - 792,6 млн. теңге (2,3 %-ға);

электрмен жабдықтаудың сенімділігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер - 318,7 млн. теңгеге ұлғайды.

Беру және техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерден алынған кірістің өсуі Қоғамның қызметтеріне арналған жаңа тарифтердің 2003 жылғы 01.01-ден бастап қолданылуына, көрсетілетін қызметтер көлемінің ұлғаюына, сондай-ақ орташа беру ұзындығының артуына байланысты болды.

2004 жылы Қоғамның негізгі қызметінен алынған кірістері 16835,7 млн. теңге сомасында (2003 жылғы деңгейден 7,0 %-ға жоғары) құрады, оның ішінде:

берілген жеңілдіктерді есепке ала отырып, электр энергиясын беру - 13027,2 млн. теңге (9,3 %- артық);

техникалық диспетчерлендіру - 2960,9 млн. теңге (9,2 %-ға артық);

қуатты реттеу - 848,6 млн. теңге (7,1 %-ға артық);

2005 жылы Қоғамның негізгі қызметінен алынатын кірістері 18 386,6 млн. теңге мөлшерінде бағаланады, оның ішінде:

электр энергиясын беру - 14 313,0 млн. теңге (9,9 %-ға артық);

техникалық диспетчерлендіру - 3173,6 млн. теңге (7,2 %-ға артық);

қуатты реттеу - 900 млн. теңге (6,1 %-ға артық).

2003 жыл ішіндегі Қоғамның негізгі қызметі жөніндегі шығыстары 13346,1 млн.

теңгені құрады, бұл 2002 жыл ішіндегі шығындардан 9,7 %-ға жоғары. 2003 жылы шығындардың айтарлықтай өсуінің негізгі себептері қарыз қаражаттарынан қаржыландырылатын Қазақстанның Ұлттық электр желісін жаңғырту жобасы (бұдан әрі - ҰЭЖ жаңғырту жобасы) бойынша персонал оқыту мен консультативтік қызметтерге ақы төлеуге арналған шығындардың Қоғамның ағымдағы шығыстарына жатқызылуы, сондай-ақ инвестициялық бағдарламаға сәйкес негізгі құралдардың іске қосылуына байланысты амортизациялық аударымдардың өсуі болды.

Қоғамның негізгі қызметі жөніндегі шығыстары 2004 жылы 14536,7 млн. теңге мөлшерінде қалыптасты. 2005 жылы Қоғамның негізгі қызметі жөніндегі шығыстары 17 725,4 млн. теңге мөлшерінде немесе 2004 жылғы көрсеткіштен 21,9 %-ға жоғары болады деп күтілуде. Негізгі қызмет жөніндегі шығыстар негізінен негізгі құралдардың пайдалануға іске қосылуына байланысты амортизациялық аударымдар мен мүлікке салынатын салықтың өсуіне, ағымдағы шығыстарға жатқызылған кредиттер бойынша пайыздардың көбеюіне байланысты өсті, бұл сондай-ақ ҰЭЖ жаңғырту жобасы бойынша негізгі құралдардың іске қосылуына байланысты. Бұдан басқа, 2005 жылғы 25 қарашада "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асырудың екінші және үшінші кезеңдерін іске асыру шеңберінде ХҚДБ, ЕҚДБ және Қазақстан Даму Банкімен кредиттік келісімдер жасалды, соған сәйкес Қоғам комиссиялар, сондай-ақ кредиттік шарттарға қол қоюға байланысты басқа шығыстарды төлейтін болады.

Қоғамның 2003 жыл ішіндегі таза табысы 1635,1 млн. теңге сомасындағы уақытша айырмалардан алынған салық тиімділігі сомасына резервтер құруды есепке ала отырып, 1741,6 млн. теңгені құрады. Таза табыстың 2002 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда айтарлықтай өсуі Қоғамның негізгі қызметінен алынатын кірістердің өсуіне, мемлекеттік сатып алу жөніндегі рәсімдердің сақталуына байланысты Қоғамның электр желілік объектілерін жөндеу мен пайдалануға арналған шығыстардың игерілмеуіне, ұлттық валютаның нығаюы нәтижесінде оң бағамдық айырманың 570,5 млн. теңге сомасына есептелуіне байланысты болды, Қоғам сондай-ақ депозиттер бойынша 280,4 млн. теңге сомасына сыйақы алды.

2004 жылы Қоғамның таза табысы 1613,3 млн. теңгені құрады. 2005 жылы Қоғамның таза табысы 92,9 млн. теңге мөлшерінде бағаланады. Таза табыстың 2005 жылы төмендеуі жобалар бойынша тартылған, ағымдағы шығыстарға жатқызылатын кредиттерге қызмет көрсету жөніндегі шығындардың айтарлықтай өсуіне, "KEGOC" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (2004 жылғы 7 мамырдағы N 01 хаттама) бекітілген Ережеге сәйкес Астана қаласына қоныс аударған Қоғамның қызметкерлеріне тұрғын үй беруге, сондай-ақ бағамдық айырмадан есептелген шығындардың салдарына байланысты болды.

2003 - 2005 жылдарда тікелей салықтар мен алымдардың сомасы 3,72 млрд. теңге мөлшерін құрайды, оның ішінде:

мүлікке салынатын салық - 2,21 млрд. теңге (2003ж. - 0,65 млрд. теңге, 2004ж. - 0,76 млрд. теңге, 2005ж. - 0,8 млрд. теңге);

әлеуметтік салық - 1,14 млрд. теңге (2003ж. - 0,4 млрд. теңге, 2004ж. - 0,33 млрд. теңге, 2005ж. - 0,41 млрд. теңге);

жер салығы мен қоршаған ортаны қорғау қорына төлемдер 0,14 млрд. теңге (2003ж. - 43,5 млн. теңге, 2004ж. - 43,4 млн. теңге, 2005ж. - 56,8 млн. теңге);

көлік құралдарына салынатын салық - 18,3 млн. теңге (2003ж. - 5,6 млн. теңге, 2004ж. - 6,0 млн. теңге, 2005ж. - 6,7 млн. теңге).

2003 жыл ішінде инвестициялық бағдарламаларды іске асыруға 12448,4 млн. теңге, оның ішінде қарыз қаражатынан 5176,7 млн. теңге жұмсалды.

Күрделі қаржыны игеру (қоймалардан алынған материалдар мен жабдықтарды, сондай-ақ бұрын берілген аванстарды есепке ала отырып) 13220,0 млн. теңгені құрады, бұл 2002 жылғы деңгейден 2,2 есеге асып түседі, оның ішінде өз қаражаты есебінен - 7051,8 млн. теңгені, қарыз қаражатынан - 6168,2 млн. теңгені құрады.

11408,0 млн. теңге сомасына негізгі құралдар енгізілді, бұл 2002 жылғы деңгейден 2,3 есеге асып түседі.

2004 ж. 01.01-ға ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыру басталғалы бері 65,5 млн. АҚШ доллары, оның ішінде 2003 жыл ішінде - 46,9 млн. АҚШ доллары сомасына қарыз қаражаты жұмсалды. Бірлесіп қаржыландыру желісі бойынша Қоғамның қаражатынан (кредиттік келісімдерге сәйкес сыйақылар мен комиссияларды төлеуге, Жобаларды басқару департаментін ұстауға және т.б. арналған шығыстарды қоса алғанда) 59,4 млн. АҚШ доллары, оның ішінде, 2003 жыл ішінде - 26,7 млн. АҚШ доллары жұмсалды.

ҰЭЖ жаңғырту жобасы бойынша күрделі қаржыны игеру (КҚС-мен) 10517,1 млн. теңгені, оның ішінде ХҚДБ мен ЕҚДБ-ның қарыз қаражаты бойынша - 6168,2 млн. теңгені, бірлесіп қаржыландыру жүйесі бойынша Қоғамның өз қаражатынан - 4348,9 млн. теңгені құрады.

ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыру кезеңі ішінде 183,5 млн. АҚШ доллары сомасына келісім-шарт жасалды, оның ішінде мыналарды сатып алуға: жоғары вольттың жабдықтар - 75,7 млн. АҚШ доллары, SCADA/EMS (диспетчерлік бақылау мен деректерді өңдеу) жүйелері - 16,9 млн. АҚШ доллары, телекоммуникациялық жүйелер - 22,8 млн. АҚШ доллары, релелік қорғау мен шағын станцияларды автоматтандыру - 64,9 млн. АҚШ доллары, электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі - 2,5 млн. АҚШ доллары, Электр энергиясының сауда жүйесі - 0,7 млн. АҚШ доллары.

Консультациялық қызметтерге арналған келісім-шарттардың құны 3,4 млн. АҚШ долларын құрады.

Жасалған келісім-шарттарға сәйкес алаңдарға 159 дана ажыратқышты, 1206 дана айырғыштар мен тіректік оқшаулатқыштарды, 178 дана ток трансформаторларын, 93

дана кернеу трансформаторларын, 204 дана асқан кернеу шектеуіштерін қоса алғанда, 2003 жылғы жеткізілім жоспарының 1859 бірлік санындағы жоғары вольттық жабдықтары орнатылды. Бұдан басқа, 87 КҚЖ жүйесін, 62 АТЖны, 175 РРЖ жүйесін қоса алғанда телекоммуникациялық жүйелер бойынша жеткізілімдер жүзеге асырылды.

ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асырудан басқа, Қоғам өз қаражатының есебінен моралдық және табиғи тұрғыдан тозығы жеткен жабдықтарды ауыстыру мен жаңғыртуға бағытталған қысқа мерзімді жобаларды жүзеге асырады. Басқа күрделі қаржының жалпы сомасы 2003 жылы 2702,9 млн. теңгені құрады.

2004 жылы Қоғам сондай-ақ "Қазақстан Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші желісін салу" жобасын (бұдан әрі - "Қазақстан Оңтүстік-Солтүстік") іске асыру жөніндегі жұмысты бастады. Жобаның техника-экономикалық негіздемесін әзірлеуге, сондай-ақ желінің бірінші учаскесінің трассасын таңдау мен келісу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге шарттар жасалды, бірінші учаскенің құрылысын қаржыландырудың көздері мен шарттары айқындалды.

2004 жылы Қоғам инвестициялық қызметке 10,9 млрд. теңге, оның ішінде қарыз қаражатынан - 6,2 млрд. теңге, Қоғамның өз қаражатынан - 4,7 млрд. теңге мөлшерінде қ а р а ж а т ж ұ м с а д ы .

2005 жылы инвестициялар көлемі 16,2 млрд. теңге мөлшерінде бағаланады, олар м ы н а л а р ғ а ж ұ м с а л а д ы .

1. ҰЭЖ жаңғырту жобасын одан әрі іске асыру.

3 903 млн.теңге, оның ішінде қарыз қаражатынан - 2 533 млн. теңге мөлшеріндегі а қ ш а қ а р а ж а т ы :

жоғары вольтты жабдықтарды (ажыратқыштар, айырғыштар) ауыстыруға; басқару жүйелерін орнату мен шағын станцияларды автоматтандыруға; қолданыстағы радио релелік желілерді ауыстыруға және жаңаларын салуға; спутниктік байланыс торабының құрылысын салуға жұмсалатын болады.

2. "Қазақстан Солтүстік - Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісін с а л у " і с к е а с ы р у .

5 640 млн. теңге, оның ішінде қарыз қаражатынан - 5 490 млн. теңге сомасындағы қаражат жобалау-іздістіру жұмыстарын орындауға, желінің екінші және үшінші учаскелерінің трассалары бойынша іздістіру жұмыстарына, консультанттың қызметтеріне ақы төлеуге және жоғары вольтты жабдықтарды жеткізу мен желінің бірінші учаскесінің желілік бөлігінің құрылысын салуға арналған шарттар бойынша а қ ы т ө л е у г е ж ұ м с а л д ы .

3. Басқа инвестициялар Қазақстан Республикасы Ұлттық электр желісінің авариясыз, сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, моралдық және табиғи тұрғыдан тозығы жеткен жабдықтарды ауыстыру, қайта құру мен жаңғырту жолымен

қызметтердің сапасын арттыруға, персоналдың еңбек жағдайын жақсартуға, Қоғамның персоналын осы заманғы еңбек құралдарымен қамтамасыз етуге бағытталды.

1.4. Қоғам жүргізетін іс-шаралар

"Қазақстан Республикасының индустриалдық-инновациялық дамуының 2003 - 2015 жылдарға арналған стратегиясы туралы" (бұдан әрі - Стратегия) Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 17 мамырдағы N 1096 Жарлығында электр энергетикасы саласы үшін мыналар көзделген:

7.4.1. Электр энергетикалық саясат

Электр энергетикасын одан әрі реформалау нарықтық қайта құруларды тереңдетуге, электр энергиясының биржалық саудасын дамытуға, электр энергетикасы саласындағы қызметтер спектрін кеңейтуге бағытталатын болады.

2004 жылғы 9 шілдеде "Электр энергетикасы туралы" Заң қабылданды, соның нәтижесінде Қазақстанның электр энергетикасында нарықтық реформаларды дамыту үшін заң шығарушы база құрылды.

Заң электр энергиясының көтерме және бөлшек сауда нарықтарында жаңа қатысушылардың - жүйелік оператордың, орталықтандырылған сауда операторының, энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың пайда болуы мен нарықтың қазіргі қатысушыларының бірқатар функцияларын өзгертуді көздейді.

Заң сондай-ақ Қазақстанда электр энергиясы көтерме сауда нарығының перспективалық үлгісін енгізуді және электр энергиясының орталықсыздандырылған саудасының жұмыс істеп тұрған нарығын нақты уақыт режиміндегі орталықтандырылған сауда нарығымен, теңгерімді нарықпен және жүйелік және қосалқы қызметтер нарығымен толықтыра отырып дамытуды көздейді. Бұл ретте орталықсыздандырылған сауданың жұмыс істеп тұрған нарығы негізгі сегмент (көтерме сауданың 90 %-ы және одан астамы) ретінде сақталады.

"Электр энергетикасы туралы" Заңды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Қоғамның белсенді қатысуымен 2004 жылғы шілде-қыркүйекте мынадай нормативтік кесімдер әзірледі:

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы N 197 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы электр энергиясының көтерме сауда рыногын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі ;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 10 қыркүйектегі N 213 бұйрығымен бекітілген Жүйелік оператордың қызмет көрсетуі, жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын ұйымдастыру және жұмыс істеу ережесі ;

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 220 бұйрығымен бекітілген Қазақстанның біртұтас электр энергетикалық жүйесінде авариялық бұзылыстарды болдырмау және оларды жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру ережесі ;

Электр энергиясы көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін құру бағдарламасы.

Жүргізілетін реформаларды қолдау мен саланы одан әрі дамыту үшін "KEGOC" АҚ стратегиялық инвестициялық жобалардың бірі болып табылатын ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыруды жүзеге асырады, ол қазіргі уақытта Қазақстанда іске асырылуда.

Жобаның негізгі мақсаты - бұл шағын станцияларды, диспетчерлік және бақылау жүйелерін жаңғырту арқылы сенімді және сапалы электр энергиясымен жабдықтауды жақсарту; электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының тұрақты жұмыс істеуі үшін жағдайлар жасау арқылы бәсекелестікті дамыту және беруші желілерге қол жеткізуді жақсарту; пайдалану шығындарын азайту.

Жобаны қаржыландыру Халықаралық Қайта Құру мен Даму Банкінің 140 млн. доллар мөлшеріндегі және Еуропа Қайта Құру мен Даму Банкінің 45 млн. доллар мөлшеріндегі қарыздарын тарта отырып жүзеге асырылады.

Стратегияның 5.2-тармағы бөлігінде - ДСҰ-ға кіру.

С т р а т е г и я д а :

ДСҰ шеңберінде Қазақстанның сауда саясаты арқылы мынадай негізгі міндеттерді ш е ш у і н е т у р а к е л е д і :

... ЕуроАзЭҚ мен ТМД шеңберінде өңірлік ықпалдасу процестерін дамыту к ө з д е л г е н .

Қоғамның белсенді қатысуымен ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің Атқарушы комитеті Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің жалпы электр энергетикалық нарығын құру туралы келісім жобасын (ТМД Электр энергетикалық Кеңесінің шешімімен мақұлданды - 2004 жылғы 10 маусымдағы N 25 хаттамасы) ә з і р л е д і .

Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі табиғи монополия субъектілерінің, ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың қызметін реттейтін қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғам жыл сайын тарифтік сметаны, Қоғамды дамытудың орта мерзімді кезеңге арналған жоспарын бекітеді және олардың орындалуы туралы есеп береді, мемлекеттік сатып алу жоспарын бекітеді, қаржы есептемелеріне жыл сайын аудиторлық тексеру жүргізеді, Қоғамның өндірістік-қаржы қызметі туралы мемлекеттік органдар, Директорлар кеңесі мен Үкімет алдында тұрақты есеп беріп отырады, қаржы есептерін БАҚ-та жариялайды. Бұдан басқа, Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Табиғи

монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау агенттігі және басқа бақылаушы органдар тәуелсіз ұйымдарды тарта отырып, Қоғамның қызметіне жыл сайын мониторинг өткізіледі. Қоғам сондай-ақ өз қызметінің негізгі қорытындыларын, өздерінің және тұтастай сала алдында тұрған міндеттерді, сондай-ақ оларды шешу жолдарын БАҚ арқылы жұртшылыққа тұрақты жеткізіп тұрады.

Осы шаралар мен Қоғам жүргізетін жұмыстар жұртшылықпен байланысты ұстау және Қоғамның шаруашылық қызметінің айқындығын қамтамасыз етеді.

Бейінді емес функцияларды бәсекелі ортаға беру үшін оларды анықтау жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін көздейтін "Мемлекет басшысының 2005 жылғы 18 ақпандағы "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 4 наурыздағы N 528 өкіміне сәйкес Қоғам ұлттық компаниялар мен табиғи монополия субъектілерінің қызметін реттейтін мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, Қоғам мен оның мекемелерінің қызметіне талдау жүргізді. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қоғам мен оның мекемелерінде бейінсіз қызмет түрлерінің жоқтығы және мекемелер орындайтын функциялардың қолданыстағы нормативтік-құқықтық кесімдердің талаптарына сәйкестігі мен олардың ағымдағы мәртебесін сақтау орындылығы туралы ш е ш і м қ а б ы л д а н д ы .

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің осы Өкімін іске асыру шеңберінде Қоғам өкілдері Қазақстан Республикасындағы тарифтік саясатты әзірлеу жөніндегі, Мемлекеттік холдингтік компанияны құру жөніндегі жұмыс топтарының мүшелері болып табылады.

1.5. Қоғамды дамытудың 2006-2008 жылдарға арналған жоспары

Елді дамытудағы оң үрдістер, өнеркәсіп өндірісінің өсуі электр энергиясын тұтынудың өсуіне, тұтынушылардың төлем қабілетін арттыруға, еліміздің электр станцияларында электр энергиясын өндіруді ұлғайтуға алып келді.

2006 - 2008 жылдары көрсетілетін қызметтердің көлемі Қазақстан Республикасы бойынша электр энергиясын өндіру мен тұтынудың күтіліп отырған біртіндеп өсуіне сүйене отырып жоспарланады.

1.5.1. Мақсаттары мен міндеттері

Мемлекеттік саясатқа сәйкес және жүктелген миссия шеңберінде Қоғамның 2006 - 2008 жылдардағы қызметі Ұлттық электр желісінің жұмыс істеу сенімділігін одан әрі арттыруға, ұсынылатын қызметтердің сапасын арттыруға бағытталатын болады.

Энергия өндіруші кәсіпорындарды, электр желілік компанияларды дамыту, қолданыстағы электр желілерін дамытуға, жана электр беру желілерін салуға

бағытталған іс-шараларды жүргізу тұтынушылардың сапалы және сенімді электрмен жабдықталуын арттыруға, бәсекелі ортаны дамытуды қамтамасыз етуге, Республика экономикасын электр энергиясымен өзін-өзі қамтамасыз етуіне қол жеткізуге және соның нәтижесінде еліміздің ұлттық қауіпсіздігінің бір бөлігі ретінде энергетикалық тәуелсіздікке қол жетуге мүмкіндік береді. Осы мақсатпен Қоғам:

1. Қоғамның көлік жүйесін оңалтуға және энергия жүйесінің диспетчерлік басқарылуын жетілдіруге бағытталған ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыруды аяқтауды ;

2. Қолданыстағы транзиттің сенімділігін арттыруға, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстанда электр энергиясы мен қуатының тапшылығын жабуға мүмкіндік беретін " Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іске асыруды қоса алғанда, Ұлттық электр желісін одан әрі дамытуды қамтамасыз етуді;

3. ҰЭЖ жаңғырту жобасы мен "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді;

4. Қоғамның теңгеріміндегі электр желілік объектілерді жөндеу мен пайдалану жөнінде қажетті жұмыстар жүргізуді, сондай-ақ жабдықтардың ескіргендерін жаңартуға және жаңасын орнатуға қажетті инвестицияларды жүзеге асыруды;

5. Қоғамның шығынсыз қызметін қамтамасыз етуді;

6. Нарықтық қатынастарды дамытуға ықпал етуді жоспарлайды.

1.5.2. Алға қойылған міндеттерге жету жолдары

Алға қойылған міндеттерді шешу үшін Қоғам мыналарды жоспарлайды:

1. Қоғамның және Қазақстанның Біртұтас энергетикалық жүйесінің басқару құрылымын жетілдіру, Ұлттық электр желісінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының БЭЖ-і көрсететін қызметтердің сапасы мен жұмыс істеу сенімділігін арттыру үшін электр желілерін дамыту, осы заманғы жаңа технологияларды енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу.

2. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісінің құрылысын салуды жүзеге асыру.

3. Қоғамның қызметіне байланысты негізді шығындарды ұлғайту кезінде, сондай-ақ қарыз қаражаты бойынша міндеттемелерді төлеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне тарифтер деңгейін өзгертуге арналған өтінімдер ұсыну.

4. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес электр энергетикасы саласындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамытуға бағытталған нормативтік-құқықтық кесімдерді әзірлеуге қатысу.

5. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен бірлесіп, тарифтік әдіснаманы жетілдіру жөніндегі жұмысты жалғастыру.

1.5.3. Стратегияны, мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыру жөнінде Қоғам жоспарлап отырған іс-шаралар

Бекітілген Стратегия, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1700 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Электр энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі 2005 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарының шеңберінде, "Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы" ашық акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 3 ақпандағы N 125 қаулысына сәйкес Қоғам "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ екінші электр беру желісі құрылысының бірінші учаскесін салуды аяқтауды және екінші және үшінші кезеңдерін табысты іске асыруды қамтамасыз етуді, Қоғамның қызметкерлері үшін тұрғын үй салу мен үлестік қатысу жолымен тұрғын үй бағдарламасын іске асыруға қатысуды, сондай-ақ шығынсыз қызметті қамтамасыз етуді жоспарлайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 ақпандағы N 190 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының электр энергетикасындағы нарықтық қатынастарды одан әрі дамыту тұжырымдамасына және "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің жүйелік операторы - Қоғамның қызметі электр энергиясы мен қуатының көтерме нарығын одан әрі дамытуға, электр энергиясының бөлшек сауда нарығын тиімді дамыту үшін жағдайлар жасауға, Қазақстан Республикасының электр энергетикалық саласында теңгерімдеуші нарық пен жүйелік және қосалқы қызметтер нарығын құру мен оның жұмыс істеуіне бағытталатын болады.

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 наурыздағы N 528 өкімімен бекітілген Мемлекет басшысының "Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында" атты 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жалпы ұлттық жоспарына сәйкес Қоғам басқару құрылымын оңтайландыру жөнінде, оның ішінде бәсекелі нарықта қосалқы функцияларды сатып алу мәселесі бойынша жұмысты жалғастыруды жоспарлайды.

1.5.4. Өнім өндірісінің даму серпіні

1.5.4.1. Қызметтер көлемі

2006 жылы электр энергиясын техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемі 65,85 млрд.кВт.сағат мөлшерінде жоспарланып отыр.

2007 жылы техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтер көлемін 67,1 млрд.кВт.сағатқа, ал 2008 жылы - 69,5 млрд.кВт.сағатқа дейін ұлғайту жоспарланады. Қызметтер көлемінің ұлғаюы электр энергиясын тұтынудың және оны тиісінше

өндірудің жоспарлы өсуімен байланысты.

Электр энергиясын Қоғамның желілері бойынша беру көлемі 2006 жылы 34,1 млрд.кВт.сағат мөлшерінде жоспарланады. 2007 жылы ол 1,19 млрд.кВт.сағатқа ұлғаяды және 35,3 млрд.кВт.сағатты құрайды, ал 2008 жылы электр энергиясын Қоғамның желілері бойынша беру көлемі 36,5 млрд.кВт.сағат көлемінде жоспарланады.

1.5.4.2. Кірістер

Қоғамның қызметтері көлемінің болжанып отырған өсуіне сәйкес, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 26 тамыздағы N 884 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2008 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарына сәйкес қызметтердің реттелетін түрлеріне арналған тарифтерді жоспарланып отырған өсіруді есепке ала отырып, Қоғам 2006 - 2008 жылдардағы кезең ішінде негізгі қызметтен: 2006 жылы 19,5 млрд. теңге (2005 жылға 6,2 %-ға ұлғайту), 2007 жылы 21,0 млрд. теңге және 2008 жылы 23,8 млрд. теңге кіріс алуды жоспарлайды.

Даму жоспарында көзделген қызметтердің реттелетін түрлеріне арналған тарифтерді жыл сайын өсіру "ҰЭЖ жаңғырту" және "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші электр желісін салу" жобалары бойынша ХҚДБ мен ЕҚДБ берген қарыз қаражаты бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты болып отыр:

электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған есеп айырысудың орташа тарифін: 2006 жылы - 4,5%-ға, 2007 жылы - 4,6%-ға, 2008 жылы - 9,6%-ға;

техникалық диспетчерлендіру жөніндегі қызметтерге арналған тарифті: 2006 жылы - 5,5%-ға, 2007 жылы - 7,5%-ға, 2008 жылы - 8,2%-ға.

1.5.4.3. Шығыстар

Қоғамның негізгі қызметі жөніндегі шығыстары 2006 жылы 18,7 млрд. теңге (2005 жылға қарағанда 5,4%-ға жоғары) мөлшерінде, 2007 жылы негізгі қызмет жөніндегі шығыстар 19,7 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды, 2008 жылы 20,8 млрд. теңгені құрайды.

Инвестициялық бағдарламаның іске асырылу ықпалын бағалауға байланысты есептер ҰЭЖ жаңғырту жобасы бойынша Халықаралық Қайта құру және Даму Банкімен және Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен, "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасы бойынша Еуропа Қайта Құру және Даму Банкімен және Қазақстанның Даму Банкімен жасалған қолданыстағы кредиттік келісімдердің шарттары мен "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" ӘБЖ-нің екінші және үшінші учаскелерін қаржыландыру жөніндегі алдын-ала шарттарға сүйене отырып жүргізілді.

Макроэкономикалық көрсеткіштерге сәйкес тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар индекстелді.

ҰЭЖ жаңғырту жобасы мен "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасы бойынша жабдықтарды пайдалануға іске қосуға байланысты Даму жоспарында ағымдағы шығыстарға жатқызылған қарыз қаражаты бойынша есептелген сыйақыларды өсіру көзделген.

Даму жоспарында сондай-ақ тұтыну бағаларының индексі мен нормативтен аспайтын Қоғам персоналы санының жоспарланып отырған біртіндеп өсуін ескере отырып, Қоғамның өндірістік персоналына еңбек ақы төлеуге арналған шығыстарды ұлғайту көзделген. Қоғам персоналының санын ұлғайту негізінен жаңа активтерді пайдалануға беруді көздейтін ҰЭЖ-ні жаңғырту жобасын және "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іске асыруға байланысты.

1.5.4.4. Өзіндік құнның құрылымы

2006 - 2008 жылдарға арналған Қоғамның қызмет көрсету өндірісіне арналған шығындары (өзіндік құны) 2006 жылы 14716,9 млн. теңге, 2007 жылы 15122,4 млн. теңге және 2008 жылы 16029,7 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады.

Еңбек ақы төлеу қоры әлеуметтік салықсыз 2006 жылы 2196,7 млн. теңге сомасына жоспарланады, 2007 және 2008 жылдарға арналған болжамды деректер тиісінше 2425,8 млн. теңгені және 2545,9 млн. теңгені құрайды. Еңбек ақы төлеуге арналған шығыстардың ұлғаюы Қоғамның өндірістік персоналының лауазымдық жалақыларын 2004 жылғы 1 тамыздан бастап өсіру есебінен, сондай-ақ оның санын жоспарлы өсіріп отыруға байланысты болды.

Жөндеуге арналған шығындар 2006 жылы 1075,9 млн. теңге сомасында жоспарланады, 2007 және 2008 жылдарға арналған болжамды деректер тиісінше 1097,4 млн. теңгені және 1100,7 млн. теңгені құрайды.

Тараптық ұйымдардың көрсететін өндірістік сипаттағы қызметтері 2006 жылы 1472,6 млн. теңге сомасына, 2007 жылы 1531,5 млн. теңге, 2008-ге - 1611,8 млн. теңгеге жоспарланды.

2006 жылға арналған амортизациялық аударымдар 4658,0 млн. теңге сомасында жоспарланды, кейінгі 2007 және 2008 жылдары тиісінше 5549,1 млн. теңгені және 5882,1 млн. теңгені құрайды.

Электр энергиясының технологиялық шығысын өтеуге арналған шығыстар 2006 жылы 3417,4 млн. теңге, 2007 жылы - 3782,0 млн. теңге, 2008-ге - 3971,6 млн. теңге мөлшерінде жоспарланады.

1.5.4.5. Инвестициялар

Қоғамның инвестициялық бағдарламасы үш негізгі бағыт бойынша құрылды:

1. ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыру;
2. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іске асыру;

3. Моральдық және табиғи тұрғыдан тозығы жеткен жабдықтарды ауыстыруға, Қоғамның инфрақұрылымын дамытуға, жаңа технологиялық процестерді енгізуге, қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қысқа мерзімді жобаларды іске асыру.

2006 жылы ҰЭЖ жаңғырту жобасы бойынша инвестициялар сомасы 3,9 млрд. теңге, оның ішінде ХҚДБ мен ЕҚДБ қаражаты есебінен - 2,6 млрд. теңге, Қоғамның қаражатынан - 1,4 млрд. теңге мөлшерінде жоспарланып отыр.

2006-2008 жылдарда тұтас алғанда, ҰЭЖ жаңғырту жобасына барлық көздерден 8,8 млрд. теңге, оның ішінде ХҚДБ мен ЕҚДБ қаражатынан 6,3 млрд. теңге жұмсау жоспарланады.

2006 жылы Қоғам "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іске асыруға 5,6 млрд. теңге, оның ішінде қарыз қаражатынан 5,5 млрд. теңге жұмсауды жоспарлайды.

2006 - 2008 жылдар ішінде осы жоба бойынша барлығы 36,9 млрд. теңге жұмсау жоспарланады.

2006 - 2008 жылдарға Қоғам шағын станциялар мен электр беру желілерін қайта құруға, трансформаторлар мен реакторлар орнатуға, жөндеу мен қоймалық үй-жайларды және т.б. құруға бағытталған қысқа мерзімді жобаларды іске асыруға қаражат жұмсауды көздеп отыр. Осы мақсаттарға Қоғамның қаражатынан жылына 1,5 млрд. теңге жұмсау жоспарланады. Осы іс-шаралар Қазақстанның БЭЖ-нің жұмыс істеу сенімділігінің қажетті деңгейін және тұтынушыларды сапалы электрмен жабдықтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

1.5.4.6. Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі

Электр желісінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету үшін Қоғам Мемлекеттік қадағалау органдарының нұсқамалары мен технологиялық бұзылыстар мен жазатайым оқиғаларды тексеру актілерінің орындалуын бақылай отырып, желілерді пайдаланудың, өрт қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйіне, сондай-ақ ай сайын өткізілетін "Техника қауіпсіздігі күндерінің" нәтижелері бойынша кешенді және тақырыптық тексерулерді жүзеге асырады.

Қоғам жұмыс орындарындағы еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікті жақсартуға бағытталған іс-шараларды жүзеге асырады. Қоғамның барлық филиалдарында жөндеу науқаны басталар алдында жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру мәселелері бойынша жұмыс жүргізушілермен және басшылармен семинарлар өткізіледі. Жөндеу бригадаларын олардың қорғану құралдарымен, аспаптармен, такелажбен, арнаулы киіммен толық жабдықталуын тексере отырып, аттестаттау өткізіледі.

Қоршаған ортаны қорғау

Қоғамның негізгі және қосалқы өндірістерінің қоршаған ортаға зиянды әсер етудің шілері:

электр беру желілері мен шағын станциялардың жоғары вольттық жабдығымен жасалатын электр өрісінің кернеулігі;

бензин құятын станциялардан бензин буларының, май шаруашылығынан май буларының, дәнекерлеу посттарынан газдардың, жабдықтарды жөндеу жөніндегі цехтардың ағаш өңдейтін станоктарынан ағаш шаңдарының атмосфераға шығарындылары және т.с.с.;

автокөліктен бөлінетін пайдаланылған газ шығарындылары; ластанған сулардың (көбінесе шаруашылық-тұрмыстық) сарқындылары;

қатты қалдықтар (өндірістік және шаруашылық-тұрмыстық).

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес былайша жүргізіледі:

а) электр өрісінің зиянды әсерінен қорғану жөнінде мыналар көзделеді: электр беру желілерін жобалау кезінде санитарлық-қорғану аймақтарын құру; айналма жолдарда және шағын станциялардағы жоғары вольтты жабдықтарды басқарудың тұрақты қалқандарының жанында тұрақты қорғану құрылғыларын құру; электр беру желілері мен қосалқы станциялық жабдықтарда кернеуді өшірмей-ақ жұмыс істеу үшін жеке қорғану құралдарын сатып алу;

б) шығарындылармен және төгінділермен жұмыс бойынша:

ЖЭТ-тің филиалдарында "Атмосфераға шекті-рұқсат етілетін шығарылымдар" (ШРШ) және "Ластанған ағынды сулардың шекті-рұқсат етілетін төгінділері" (ШРТ) жобалары әзірленді және табиғат қорғау органдарымен келісілді, соның нәтижесінде шығарындылар мен төгінділерді техникалық негіздемелік мәндеріне дейін жеткізу жөнінде іс-шаралар жүргізіледі. ШРШ мен ШРТ жобаларының қолданылу мерзімдері аяқталғаннан кейін жаңалары әзірленеді;

шығарындылардың атмосфераға және ластаушы заттардың су қоймаларына жіберілетін ағындылардың көлемдері жыл сайын табиғат қорғау органдарымен келісіледі;

в) қатты қалдықтарды дестелеу жөнінде жыл сайын мамандандырылған ұйымдармен тұрмыстық және өндірістік қатты қалдықтарды шығаруға және көмуге арналған шарттар жасалады.

Шағын станцияларды қайта құру мен жабдықтарын ауыстыруға арнап әзірленетін техникалық жобаларға "KEGOC" АҚ-ның шағын станцияларын жаңғырту кезіндегі экологиялық басқару жоспарының" талаптарына сәйкес әзірленген жаңғырту жөніндегі жұмыстарды жүргізу кезінде қоршаған ортаны қорғау жөнінде арнайы бөлім енгізіледі.

Экологиялық мәселелерді басқару жабдықтарды бөлшектеу кезеңіндегі сияқты (ескірген жабдықтар мен материалдарды басқару), орнату кезеңінде де (электр өрісі кернеуінің деңгейлері және шуылдар) жүргізіледі.

Шағын станцияларға жеткізілетін жабдықтың сапа сертификаттары, зауыттық сынақтарды өткізу сертификаттары болады.

1.5.4.7. Тарифтік саясат

Қоғам құрылған сәтінен бастап Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен бірлесіп, тарифтік саясатты жетілдіру жөніндегі жұмысты дәйекті түрде жүзеге асырып келеді.

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес табиғи монополия субъектісінің қызметтеріне арналған тарифтер (бағалар, алымдар ставкалары) қызметтерді көрсету (тауарларды шығару, жұмыстарды жүргізу) үшін қажетті шығындардың құнынан төмен болмауы және табиғи монополия субъектісінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруі тиіс.

Қоғамның құрылған сәтінен бастап және осы уақытқа дейін қолданылып келе жатқан өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі тариф деңгейінің беру ұзындығына тәуелді болуын көздейді. Бірақ, Қазақстанда электр энергиясы нарығының серпінді дамуы жағдайларында тарифтік саясатты жетілдіру және беру ұзындығына тәуелді болмайтын тарифтерге біртіндеп көшу қажеттілігі туындады.

Соның нәтижесінде, 2006 жылы Қазақстан Республикасы Табиғи монополияны реттеу агенттігі мен Қоғам Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 мамырдағы N 455 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар салаларында тарифтік саясатты дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес аймақтың энергияға деген тапшылығы мен электр желілерінің өткізу қабілетін есепке ала отырып құрылған 8 аймақ бойынша тіркелген тарифтерді белгілеуді көздейтін өңіраралық деңгейдегі желілер бойынша электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифті есептеудің жаңа әдістемесін енгізуді жоспарлайды. Осымен электр энергиясын беруге арналған тарифтердің оның ұзындығына тікелей тәуелділігі толығымен жойылады.

1.5.4.8. Әлеуметтік саланы дамыту

Қоғам жыл сайын Директорлар кеңесінің келісімі бойынша әртүрлі ұйымдарға, қоғамдық қорлар мен бірлестіктерге өзінің өндірістік қызметін қамтамасыз ету үшін жеткілікті қаражаты мен жыл қорытындысы бойынша болжанылатын оң қаржылық нәтижелері болған жағдайда қайырымдылық көмегін көрсетеді.

Қоғамның қайырымдылық көмек көрсету жөніндегі шығыстары сала ардагерлері мен Қоғам зейнеткерлерін әлеуметтік қорғауға бағытталған төлемдерді қоса алғанда, 2004 жылы 197,5 млн. теңгені құрады.

2004 жылы Қоғам "Саңырау спортшылар қорына", "Қазақстан зағиптар қоғамына",

"Астана қаласының Сарыарқа аудандық мүгедектер қоғамы" қоғамдық қорына, Алматының N 2 арнайы мектеп-интернатына қаржы аударды.

Қоғамның 2004 жылы қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуге арналған шығыстары 10,4 млн. теңгені, әлеуметтік салаға - 7,5 млн. теңгені құрады.

2005 жылы қайырымдылық көмектің мөлшері 120 млн. теңге, ал қызметкерлерге материалдық көмек көрсетуге арналған шығыстар - 16,5 млн. теңге, әлеуметтік салаға - 16,8 млн. теңге мөлшерінде бағаланады.

2006 - 2008 жылдарға арналған Даму жоспарында қайырымдылық және материалдық көмек көрсетуге арналған шығыстар жыл сайын 130 млн. теңге мөлшерінде болжанылады. Бұл төлемдер Қоғамның шығынсыз қызметін сақтаған жағдайда Ди ректорлар кеңесінің келісімі бойынша жүйеге асырылатын болады.

Бұдан басқа, Қоғам жыл сайын қызметкерлерді сауықтыру, ұлттық және кәсіби мерекелерді мерекелеу жөнінде іс-шаралар өткізеді. Көрсетілген іс-шараларға арналған шығыстар 2006 - 2008 жылдары жылына 2,6-2,8 млн. теңгеге жуық мөлшерде болжанылады.

1.5.4.9. Кадр саясаты

Қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған қарқыны ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыру шеңберінде, оның ішінде, оған релелік қорғаудың кешенді микропроцессорлық құрылғыларын жасау мен енгізу және РҚЖА құралдарын жаңғырту мен жобалау кезінде қолданылатын технологиялық шешімдер кіретін " Релелік қорғаныстарды жеткізу мен орнату және шағын станцияларды автоматтандыру " жобасын (бұдан әрі - РҚЖА жаңғырту жобасы) уақытылы және сапалы жүзеге асыруды қамтамасыз ету есебінен жұмыс көлемін едәуір ұлғайтуды, бірегей, жоғары технологиялық жабдықты енгізуді, өндіріс технологиясын сапалық өзгертуді көздейді. Бұдан басқа, "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасының іске асырылуына байланысты шағын станциялардың жаңа жабдықтары мен электр беру желілерін іске қосуға байланысты өндірістік персоналдың санын өсіру көзделеді.

Жобаларды іске асыру кезеңінде нақты қол жеткізілген деңгейге қарағанда қосымша персонал саны қажет болады. 2004 жыл ішінде ғана жобалардың іске асырылуы мен шағын станцияларды техникалық қайта жарақтандыру (жаңғырту) жөніндегі ұйымдастыру және жобалау жұмыстары барлық кешенінің орындалуына, шағын станциялардың жабдықтарын ауыстыру жөніндегі жобалау, іздестіру жұмыстарының орындалуына, телекоммуникациялық жүйелерді, релелік қорғау жүйелерін дамыту мен автоматтандыруға, SCADA, ЭКЕАЖ-ның енгізілуіне байланысты өндірістік персоналының саны 46 адамға (2003 жылы 3789 адамнан 2004 жылы 3835 адамға дейін) өсті.

Резервтер құру мен Қоғамды неғұрлым серпінді дамытуды қамтамасыз ету үшін

Қоғамды дамытудың 2006 - 2008 жылдарға арналған жоспарының жобасында негізгі өндірістік персоналдың санын 2007 жылғы нормативтік деңгейге дейін кезең-кезеңімен өсіру көзделді, бұл ТПЕ, ТҚЕ-нің талаптары мен өндірістік нұсқаулықтарға сәйкес келеді, өйткені сандық нормативтер авариясыз, жедел, техникалық қызмет көрсету және электр тораптарын жөндеу жөніндегі жұмыстардың бүкіл кешенін ескереді.

Электр энергетикасында кадрлардың кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру еңбек өнімділігіне, персоналдың жаракат алуын азайту мен күрделі электр жабдығын пайдалану деңгейін арттыруға әсерін тигізетін негізгі факторлар болып табылатынын ескере отырып, үздіксіз оқытуды ұйымдастыру жұмысы, персоналды кәсіби даярлау мен біліктілігін арттыру Қоғамның кадр саясатының негізгі бағыттарының бірі болып т а б ы л а д ы .

Мамандардың біліктілігін арттыру Алматы энергетика және байланыс институтының базасында, РҚА, ӨДО-ның жетекші мамандары - Ресейдің біліктілікті арттырудың мамандандырылған институттарында (Энергия ББАИ, Мәскеу қ., Энергия ПБАИ, Санкт-Петербург қ., "Лидер" оқыту орталығы, Ресей БЭЖ РАҚ орталығының ӨДО, УЭАМ-Монтаж, Екатеринбург қ.), жұмысшы кадрлар - энергетиктердің біліктілігін арттыру өңірлік оқыту орталықтарында (Екібастұз, Өскемен, Қарағанды, Қостанай), сондай-ақ Алматы энергетика және электронды аспап құрылысы колледжінде жүргізіледі.

Бұдан басқа, ҰЭЖ жаңғырту жобасының шеңберінде Қоғамның персоналын жабдықтарды жеткізуші - шетелдік жетекші фирмалардың дайындаушы зауыттарында арнайы даярлықтан өткізу жүзеге асырылады.

Республикада біліктілігі жоғары жұмысшылар мен энергетик мамандарды даярлаудың үздіксіз процесін жүзеге асыру мақсатында Қоғам 2006-2008 жылдары:

1) Қоғам персоналын оқыту және біліктілігін арттыру үшін осы заманғы оқыту орталығын (релешілер мектебі, диспетчерлер мектебі және т.б.) құру;

2) оқыту мен біліктілікті арттыруға арналған шығындар деңгейін есептеу үшін екі негізгі тәсілді бекітіп беретін бірыңғай нормативтерді бекіту жөніндегі уақытша ережені белгіленген тәртіппен әзірлеу және бекіту:

а) өндірістік қажеттілікке қарай, бірақ, кемінде үш жылда, барлық персоналдың біліктілігін арттыру, бұл жыл сайын персоналдың жалпы санының кемінде 30 %-ын біліктілігін арттыруға жіберуге мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта жыл сайын орташа есеппен Қоғам мамандарының 16 %-ы біліктілігін арттырады;

б) Ресейдің тәжірибесі бойынша оқытуға арналған шығындардың нормативтік деңгейін Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу қорының 4 %-ы мөлшерінде (қазіргі уақытта орташа есеппен шамамен 2 %) белгілеу, бұл қаражатты жоспарлы жұмсауға жағдай жасайтын болады және шығындардың осы түрін анықтауға қойылатын бірыңғай талаптарды енгізуге мүмкіндік береді.

1.5.4.10. Қаржылық нәтижелер және бюджетпен қатынастар

Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштердің болжамы болжамдық макроэкономикалық көрсеткіштерді есепке ала отырып жасалды.

Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштерінің есептемелерінде мынадай ережелер мен рұқсат етулер қабылданды:

тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған шығыстар тұтыну бағалары индекcін және ұлттық валютаның айырбас бағамының өзгеруі мен сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің түрлеріне байланысты өнеркәсіп тауарларына арналған бағалар индекcтерін есепке ала отырып жоспарланды;

Қоғамның 2006 - 2008 жылдарға арналған операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінен алынатын төлем түсімдерінің болжамы - 100 %;

шығыстар бойынша мерзімі өтіп кеткен берешектің жоқтығы;

салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес жүргізілді;

ХҚДБ, ЕКДБ және ҚДБ борыштың негізгі сомасын 1999 жылғы 21 желтоқсандағы N 4526 kz (ХҚДБ), 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 794 (ЕКДБ), 2004 жылғы 16 наурыздағы N 28275 (ЕКДБ) және 2004 жылғы 16 наурыздағы N КИ 033-S-B/04 (ҚДБ) қарыз туралы шарттарда көрсетілген кестелерге сәйкес жүргізілетін болады;

ХҚДБ және ЕКДБ жарты жылда бір рет төлейтін ҰЭЖ жаңғырту жобасы бойынша кредиттерді пайдалану құқығы үшін пайыздар мен комиссиялар сомасын есептеу қолданыстағы пайыздық ставкалар бойынша, 1999 жылғы 21 желтоқсандағы N 4526 kz және 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 794 қарыз туралы шарттарға сәйкес; "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасы бойынша 2004 жылғы 16 наурыздағы N 28275 (ЕКДБ) және 2004 жылғы 16 наурыздағы N КИ 033-S-3/04 (ҚДБ) қарыз туралы шарттарға сәйкес жүзеге асырылады;

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасы бойынша қарыз қаражаты жөніндегі міндеттемелерді есептеу желінің бірінші учаскесін қаржыландыру және қаржы институттарының желінің екінші және үшінші учаскелерінің құрылысын қаржыландыру жөніндегі алдын ала ұсыныстары үшін Еуропа Қайта құру мен Даму Банкімен және Қазақстан Даму Банкімен қол қойылған кредиттік келісімдер негізінде жүргізілді.

2006 жылы Қоғам 126,9 млн. теңге, 2007 жылы - 350 млн. теңге және 2008 жылы - 2252,5 млн. теңге сомасында таза табыс алуды жоспарлайды.

Алынған таза табысты "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы қатысудың мемлекеттік үлестеріне кіріс туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N 404 қаулысына сәйкес таза табыстың 10 %-ы мөлшерінде дивидендтерді төлеуге, сондай-ақ қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу жөніндегі міндеттемелерді жабуға жұмсау жоспарланады.

2006 - 2008 жылдар ішінде Қоғам 4,3 млрд. теңге сомасында тікелей салықтар мен алымдар, оның ішінде: мүлік салығына - 2,7 млрд. теңге (2006 жылы - 0,81 млрд. теңге; 2007 жылы - 0,91 млрд. теңге; 2008 жылы - 0,97 млрд. теңге), әлеуметтік салыққа - 1,44 млрд. теңге (тиісінше 0,45 млрд. теңге; 0,48 млрд. теңге; 0,51 млрд. теңге), жерге - 0,16 млрд. теңге (тиісінше 0,05 млрд. теңге; 0,05 млрд. теңге; 0,06 млрд. теңге), көлік құралдарына - 0,03 млрд. теңге (тиісінше 6,9 млрд. теңге; 7,7 млрд. теңге; 8,2 млрд. теңге) төлеуді көздейді.

Мүлік салығын есептеу негізгі құралдарды пайдалануға жоспарлы іске қосу мен амортизациялық аударымдардың қалыптасқан орташа нормасына сүйене отырып, ірілендіріле жүргізілді.

Жерге және көлік құралдарына салынатын салықты есептеу тұтыну бағаларының индексін есепке ала отырып жүргізілді, өйткені осы салықтарды есептеудегі базалық көрсеткіштен төменгі есептік көрсеткіш болып табылады.

Көлікке салынатын салықты есептеу көліктің бірлік санының артуы есепке алынбай жүргізілді, бұл қазіргі уақытта автокөлік пен арнайы техника сатып алудың қазір бар паркті ұлғайтуға емес, ескірген көлікті ауыстыруға бағытталуына байланысты.

Әлеуметтік салықты есептеу 2004 жылғы 01 қаңтардан бастап қолданысқа енген Қазақстан Республикасының Салық кодексіндегі қызметкерлердің жалақысының мөлшеріне байланысты әлеуметтік салықтың кемімелі ставкасын көздейтін өзгерістерді есепке ала отырып жүргізілді.

Қаралып отырған кезеңде Қоғам корпорациялық салықтың төленуін жоспарлап отырған жоқ, бұл қазіргі уақытта салық есебіне сәйкес шегерімге жатқызылатын тозу сомасының бухгалтерлік есепке сәйкес амортизациялық аударымдардан айтарлықтай асып түсуіне байланысты болып отыр. Бұл ретте электр беру желілері жөніндегі салық есебі бойынша Қоғам шектіден төмен аударымдар нормасын қолданады. Бұдан басқа, жобаларды іске асыру нәтижесінде Қоғам активтерінің құнын айтарлықтай өсіру жоспарланады, бұл салық пен бухгалтерлік есеп арасындағы айырмалардың ұлғаюына алып келеді. Қолданыстағы бухгалтерлік есеп стандарттарына сәйкес Қоғам 2003 жылдан бастап шығындарға жатқызылатын салық пен бухгалтерлік есеп арасында туындайтын уақытша айырмаларға арналған корпорациялық салық жөніндегі резервтерді қалыптастыра бастады.

1.5.4.11. Қызмет көрсетуші банктермен өзара қарым-қатынастар

Қоғамға ҰЭТ жаңғырту жобасы мен "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ-тық екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру шеңберінде ХҚДБ-дан, ЕҚДБ мен ҚДБ-дан алынған қарыздарға қызмет көрсету жөніндегі шоттарды, сондай-ақ кредиторлар алдындағы борышты өтеу бойынша жыл сайын ұлғаятын төлемдер жөніндегі міндеттемелерді орындау үшін қажетті қаражат

жинақтайтын депозиттік шоттарды қоса алғанда, бес отандық өзара аффилиирленбеген банктер арасында қызмет көрсетіледі.

Қоғамның операциялық қызметін қамтамасыз ету мақсатында банктерді таңдау "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Қызмет көрсетуші банктерді таңдау кезінде негізгі өлшемдер мыналар: шоттардағы ақша қалдықтарына сыйақы ставкалары, банктің қызмет көрсеткені үшін комиссиялардың мөлшері, депозиттер бойынша сыйақы ставкалары, филиалдардың Қазақстан бойынша тармақталған желісінің болуы және т.б. Өндірістік, инвестициялық және қаржылық қызметтен түсетін қаражатты шоттар бойынша бөлу, ақша қалдықтарын қалыптастыру өндірістік міндеттерге байланысты, сондай-ақ "Жекелеген акционерлік қоғамдарға банктік қызмет көрсету мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 наурыздағы N 316 қаулысына сәйкес жүзеге асырылатын болды.

2. Қоғамның инвестициялық бағдарламасы

2.1. Саладағы инвестициялық жағдайды бағалау

Елімізде электр энергиясын тұтыну көлемдерінің орнықты өсуі, электр энергетика саласында нарықтық қатынастардың дамуы, Қазақстанның энергетикалық нарығында көрсетілетін қызмет түрлерінің сапасын арттыру мен кеңейту қажеттілігі энергия кәсіпорындарынан қолданыстағыларды кеңейту мен жаңғырту және жаңа энергия объектілерін салу, бақылау, есепке алу мен басқару құралдарын дамыту үшін қажетті айтарлықтай инвестицияларды талап етеді.

"Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сала алдына жоспарланған кезеңге нарықтық тетіктер мен электр энергиясының спот нарығын дамыту, нарық субъектілерін автоматтандырылған бақылау және электр энергиясын есепке алу жүйелерімен (ЭЖЕАЖ) және ақпаратты беру жүйелерімен жарақтандыру жолымен электр энергетикасының жұмыс істеу тиімділігін арттыру, саладағы инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде міндеттер қойылады. Салалық бағдарламаларда (Солтүстік-Оңтүстік транзитінің құрылысын аяқтау, Қазақстанның батысында жаңа қуаттарды енгізу, жұмыс істеп тұрған электр станцияларында энергоблоктарды қалпына келтіру мен қайта құру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру көзделген. Еліміздің батыс өңірлерінің Ресей Федерациясынан берілетін электр энергиясының жеткізіліміне энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету оларды электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Ақтөбе облысын Солтүстік Қазақстанмен жалғайтын өңіраралық электр беру желісін салу туралы шешім қабылдады. Құрылысты салуды мемлекеттік-жеке меншік серіктестік негізінде жүзеге асыру жоспарланады. Осы

жобаны табысты іске асыру мақсатында "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 қаулысы қабылданды, соған сәйкес Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі концессионер компаниясын (бұдан әрі - Концессионер) құру үшін заңды тұлғаны таңдау жөнінде тендер өткізді.

2.2. Инвестициялық басымдықтар мен бағыттар

Қоғамның инвестициялық саясаты Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің сенімді, тұрақты жұмыс істеуін, тұтынушылардың үздіксіз электрмен жабдықталуын қамтамасыз етуге, нарықты дамытуға және есепке алу жүйесін жетілдіруге, Қазақстан Республикасы БЭЖ-нің шектес мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмыс істеуін жетілдіруге бағытталған.

Осыған байланысты Қоғамның инвестициялық жоспарын 3 негізгі бағытқа бөлуге болады :

- 1) ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыру;
- 2) "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік транзитіндегі 500 КВ екінші электр беру желісін салу" жобасын іске асыру;
- 3) Жоғарыда көрсетілген жобаларда көзделмеген тозғандарын жаңартуға, ескіргенін жаңғыртуға және жаңа жабдықтарды орнатуға бағытталған басқа да инвестициялық бағдарламалар .

Бұл ретте 1 (бір) миллион АҚШ долларынан асатын сомаға қарыз қаражатын тартуды қажет ететін инвестициялық жобаларды іске асыруға Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жазбаша келісімінің болуы қажет.

Қоғамның инвестициялық жоспары қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен келісілетін болады.

Негізгі жобалық көрсеткіштер Инвестициялық жобалардың паспорттарында (7-нысан) көрсетілді .

Бұдан басқа, "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісі құрылысының жобасын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 7 қазандағы N 1008 қаулысында Концессионердің 20 %-дан аспайтын мөлшердегі жарғылық капиталына Қоғамның қатысуы көзделген. Жарғылық капиталға үлестік жарғы ретінде Қоғам тәуелсіз бағалаушы бағалаған құны 60 млн. теңге тұратын "Солтүстік Қазақстан - Ақтөбе облысы" өңіраралық электр беру желісін салу" жобасының әзірленген ТЭН-ін береді. Құрылыстың құны ТЭН-ге сәйкес 15,7 млрд. теңгені (ҚҚС-мен) құрайды.

2.3. Инвестициялық жоспар

2.3.1. ҰЭЖ жаңғырту жобасы

Қаралып отырған кезеңде Қоғам ҰЭЖ жаңғырту жобасын іске асыруды аяқтауды жоспарлайды.

ҰЭЖ жаңғырту жобасы:

жоғары вольтты жабдықтарды орнатуға; телекоммуникация құралдарын, Ұлттық электр желісін басқару жүйесін (бақылау мен деректерді өңдеу жабдықтары (SCADA), энергетикалық басқару жүйесі (EMS) жаңғыртуға;

электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі мен Қоғамды басқарудың кіріктірілген жүйесін құруға бағытталған.

ҰЭЖ-ды жаңғырту жобасын іске асыру Қазақстанның ұлттық электр желісінің сенімді және қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, электр энергиясы мен қуатының көтерме сауда нарығының тұрақты жұмыс істеу үшін жағдай жасайды; есепке алу мен бақылау жүйесін айтарлықтай жетілдіреді.

Жобаның құны 2006ж.01.01-ге дейін игерілген қаражатқа және оны іске асыруды аяқтау үшін талап етілетін қаражатқа сүйене отырып, 43767,2 млн. теңгені, оның ішінде ХҚДБ мен ЕҚДБ-нің - 185 млн. доллар қарыз қаражаты мен Қоғамның қаражатынан бірлесіп қаржыландыру 17037,2 млн. теңгені құрайды.

Қарыздарды берудің шарттары:

1. Жалпы сома - 185 млн. АҚШ доллары, олардан:
 - 1.1 ХҚДБ - 140 млн. АҚШ доллары,
 - 1.2. ЕҚДБ - 45 млн. АҚШ доллары.
2. Жеңілдік кезеңі:
 - 2.1 ХҚДБ - 5 жыл,
 - 2.2 ЕҚДБ - 4 жыл.
3. Қос банк бойынша біржолғы комиссиялар - қарыз сомасының 1 %-ы.
4. Қарыз қаражаттарын өтеу кезеңі:
 - 4.1 ХҚДБ - 15 жыл,
 - 4.2 ЕҚДБ - 10 жыл.
5. Сыйақы ставкасы:
 - 5.1 ХҚДБ - Libor + қалқымалы спред,
 - 5.2 ЕҚДБ - Libor + 1%.

2008 жылы Қоғам осы жобаның іске асырылуын аяқтауды жоспарлайды.

2.3.2. "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ екінші желісін салу" жобасы

Қазіргі уақытта қолданыстағы 500 кВ Екібастұз - Нұра - Ағадыр - ОҚ МАЭС - Алматы - Жамбыл ЭЖЖ-ден тұратын электр беру желісі Оңтүстік Қазақстанға 600 МВт-қа дейін электр қуатын немесе 3,0 млрд. кВт.сағат электр энергиясын беруге қабілетті және Оңтүстіктің тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін, сондай-ақ қажетті қуаттың берілуін қамтамасыз ете алмайды.

Құрылыс салу құны "ЭНЕРГИЯ" ҚАЗҒЗОЭЖЖИИ ЖАҚ әзірлеген техника-экономикалық негіздемеге сай 41,4 млрд. теңгеге бағаланады. Құрылысты салу халықаралық және қазақстандық қаржы институттарының қарыз қаражатын тарта отырып жүзеге асыру жоспарланады. Бірлесіп қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде Қоғамның қаражатын кредиттер бойынша міндеттемелерді өтеуге, сондай-ақ алдын ала жобалау, жобалау мен іздестіру жұмыстарын жүргізуге жұмсау ж о с п а р л а н а д ы .

2004 жылы Қоғам "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын іс жүзінде іске а с ы р у ғ а к і р і с т і .

О с ы ж е л і н і ң қ ұ р ы л ы с ы н с а л у :

Қазақстан Республикасының Ұлттық электр желісінің транзиттік әлеуетін ұ л ғ а й т а д ы ;

Қазақстан Республикасының, Орталық Азияның, Ресейдің энергия жүйелерінің қатарлас жұмысының сенімділігін қамтамасыз етеді;

қолданыстағы транзит учаскелерінің бірінің ажыратылуы мүмкіндігін есепке ала отырып, оңтүстік өңірдің тұтынушыларын электрмен жабдықтау сенімділігін а р т т ы р а д ы ;

орта мерзімді перспективада Қазақстанның оңтүстігіндегі электр энергиясының тапшылығын Солтүстік Қазақстанның ірі электр станцияларынан арзан электр энергиясын беру есебінен жабуды қамтамасыз етеді.

Осы желінің құрылысын салу қарыз қаражатын тарту есебінен жүзеге асырылады.

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ желісі бірінші учаскесінің құрылысын қаржыландыру үшін қарыздар беру (қол қойылған кредиттік келісімдер негізінде) ш а р т т а р ы .

Еуропа Қайта Құру және Даму банкі	
Қарыз сомасы	35 млн. \$
Сыйақы ставкасы	Libor+4 %
Өтеу мерзімі,	12 жыл
оның ішінде жеңілдік кезеңі	3 жыл
Міндеттемелер үшін комиссия	0,50 % + 7500 \$
Біржолғы комиссия	1,5 %
Қатысушы банктер	(RZB, Bayerische Landesbank)
Қарыз сомасы	25 млн. \$
Сыйақы ставкасы	Libor+3,5 %

Өтеу мерзімі,	9 жыл
оның ішінде жеңілдік кезеңі	2 жыл
Міндеттемелер үшін комиссия	0,50 %
Біржолғы комиссия	1,50 %

Қазақстан Даму Банкі

Қарыз сомасы	21 млн. \$
Сыйақы ставкасы	7,93 %
Өтеу мерзімі,	15 жыл
оның ішінде жеңілдік кезеңі	3 жыл
Міндеттемелер үшін комиссия	0,25 %
Біржолғы комиссия	1,0 %

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасын тиімді іске асыру мақсатында Қоғам қарыздарды неғұрлым тиімді жағдайларда тарту жөнінде айтарлықтай жұмыстар жүргізді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 мамырдағы N 500 қаулысына сәйкес "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасы мемлекеттік кепілдікпен мемлекеттік емес қарыздар қаражаты есебінен қаржыландырылуға ұсынылатын инвестициялық жобалардың тізбесіне енгізілді.

2005 жылдың қарашасында Қоғам "Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" жобасының екінші және үшінші кезеңдерін іске асыру шеңберінде ұзақ мерзімді қарыздар беру туралы ХҚДБ (мемлекеттік кепілдікпен) ЕҚДБ және ҚДБ-мен кредиттік келісімдерге қ о л қ о й д ы .

"Қазақстанның Солтүстік-Оңтүстік" транзитінің 500 кВ желісінің екінші және үшінші учаскелерінің құрылысын қаржыландыру үшін қарыздар беру шарттары.

Халықаралық Қайта Құру және Даму Банкі

Қарыз сомасы	100 млн. \$
Сыйақы ставкасы	Libor + 0,5 %
Өтеу мерзімі,	17 жыл
оның ішінде жеңілдік кезеңі	5 жыл
Міндеттемелер үшін комиссия	0,25 %
Біржолғы комиссия	0,5 %

Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі

Қарыз сомасы	52,8 млн. \$
Сыйақы ставкасы	Libor+ 3,25 %
Өтеу мерзімі,	12 жыл
оның ішінде жеңілдік кезеңі	3 жыл
